

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2020 жылы 22 қаңтарда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қаржы министрі
Ә.А. Смайыловқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Адамзат өркениетінің дамуы адамдар арасындағы қарым-қатынастың нығаюы мен күшеюі арқасында жалғасын табуда. Осы орайда хат-хабар алмасудың маңызы өте зор. Ал, пошта қызметі еліміздегі қоғамдық қатынастарды іске асыруға үлкен үлесін қосып келеді. Хат алмасудан бөлек газет-журналдарды жергілікті тұрғындарға тарату бүгінгі пошта қызметінің басты міндеті екені бәрімізге белгілі. Әсіресе ауылдық елді-мекендерде пошта бөлімдері тұрғындар үшін басты рөл атқарып отыр. Ел әлеуметтік және тағы да басқа төлемдерге пошта қызметі арқылы қол жеткізіп жатқаны бұл қызмет түрінің халық үшін маңызы зор екендігін көрсетеді.

«Қазпошта» АҚ қызмет көрсетудің көптеген түрлерін жүзеге асырады. Қаржылық қызмет, тауарлар тасымалы, төлемдер, аударымдар және тағы басқа да қызмет көрсетулерді жүзеге асыратын бұл ұйым табыстан кенде емес. Міне осылай бола тұра почтальондардың жалақысы өте төмен деңгейде қалып қойғаны ақылға сыймайды.

Атап өтсек, осы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжілісінің депутаттарының өңірлерге іс-сапары аясында Алматы облысында елмен кездесуде елді мекендер тұрғындары почтальондардың жетіспеуінен хат немесе газет-журналдар бір-екі аптадай кешігіп жететінін айтып жатты. Ауылдық мекендерде интернеттің жоқтығы немесе жылдамдығы төмен болуы салдарынан тұрғындар үшін баспа өнімдерінің маңызды бұқаралық ақпарат құралы болып табылатыны анық.

Бұл жерде негізгі мәселелердің бірі почтальондардың жалақысының төмендігі болып отыр. Тұрғындардың айтуынша 12-25 мың теңгені құрайтын жалақы қолданыстағы заңнамада бекітілген жалақының ең төменгі көрсеткіші 42500 теңге мөлшеріне сай келмейді.

Атап өтсек, почтальондардың жалақысы Алматы облысының:

- Еңбекшіқазақ ауданында 15 мың мен 28 мың теңге арасында;
- Панфилов ауданында 18 мың мен 20 мың теңгенің арасында;
- Ұйғыр ауданында 12 мың мен 15 мың теңгенің аралығын құрайды.

Солтүстік Қазақстан өңірінде, Шығыс Қазақстан облысында да осыған ұқсас жағдай орын алған. Шалғайда орналасқан елді-мекендерге хат-жөнелтілімдерді жеткізу почтальондар үшін көптеген қиындықтар туындатуда. Ал почтальондар ешқандай көлікпен қамтамасыз етілмеген.

Жалпы мұндай жағдай еліміздің барлық аймақтарында орын алып отыр.

Жоғарыда аталғандардың негізінде «Қазпошта» АҚ қандай заңнаманың негізінде почтальондарға жоғарыда келтірілген жалақы көлемін тағайындаған, сондай-ақ мұндай жұмыскерлердің жалақысын ұлғайту үшін қандай шаралар қарастырылып жатыр деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені бұрынырақ басқа да депутаттар көтерген болатын. Бірақ оң нәтиже берген жоқ және жағдайдың өзгеретіні байқалмайды.

Аталған депутаттық сауалға заңнамада көзделген мерзімде жазбаша жауап жолдауыңызды сұраймыз.

Мәжілістің

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттары**

**Ш.У. Нурумов
С.А. Абдрахманов
В.К. Божко
Н.В. Жумадильдаева
Р.У. Ким
Н.Г. Микаелян
А.С. Мурадов
Ю.Е. Тимощенко
Ш.Х. Хахазов**

**«Nur Otan» партиясы фракциясының
мүшелері**

**С.А. Звольский
И.И. Клименко
Ж.Ә. Омарбекова
А.Б. Тасболатов**

Келісу шешімдері

23.01.2020 09:48:11: Тасболатов А. Б.(Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 09:48:28: Тимошенко Ю. Е.(Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 09:57:34: Клименко И. И.(Әлеуметтік-мәдени даму комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 09:59:41: Мурадов А. С.(Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 10:04:55: Микаелян Н. Г.(Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 10:11:00: Омарбекова Ж. А.(Әлеуметтік-мәдени даму комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 10:16:42: Ким Р. У.(Аграрлық мәселелер комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 10:18:15: Звольский С. А.(Аграрлық мәселелер комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 10:40:04: Божко В. К.(ҚР Мәжіліс Парламенты Төрағасының Орынбасары) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 11:21:33: Жумадиляева Н. В.(Әлеуметтік-мәдени даму комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 11:28:41: Абдрахманов С. А.(Әлеуметтік-мәдени даму комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

23.01.2020 11:31:55: Хахазов Ш. Х.(Қаржы және бюджет комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

Қол қою шешімі

23.01.2020 11:43:44 Нурумов Ш. У.. Қол қойылды